

## Жалпы типтес орта білім беретін мектеп-интернаттар туралы Ережені күшіне енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің 6 қарашадағы 1993 жылғы N 492 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық нормативтік актілерді тіркеу бөлімінде 1995 жылғы 11 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 44. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 554 бұйрығымен.

Жалпы типтес орта білім беретін мектеп-интернатта балаларды оқыту және тәрбиелеу үшін қолайлы жағдай туғызу және жұмысты одан әрі жетілдіру  
мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы және Денсаулық сақтау министрліктері мен келісілген жалпы типтес орта білім беретін мектеп-интернаттар туралы Ереже күшіне енгізілсін.

2. Облыстық, Алматы қалалық білім басқармаларына:

2.1. Осы бұйрықты басшылыққа алсын және орындасын.

2.2. Бұйрықты және жалпы типтес орта білім беретін мектеп-интернаттар туралы Ережені барлық аудандық, қалалық білім бөлімдеріне және мектеп-интернаттарға жеткізсін.

3. ССРО Халыққа білім беру мемлекеттік комитеті бекіткен уақытша жалпы типтес орта білім беретін мектеп-интернаттар туралы Ереженің 13.07.1990 ж. күші жойылған болып есептелсін.

4. Осы бұйрықтың жүзеге асырылуын бақылау Интернаттар және балалар құқын қорғау мекемелері бөліміне (Саламахин А.Ф.) жүктелсін.

*Министр*

Бекітемін:

Қазақстан Республикасы

Білім министрі

орынбасары

Келісілген:

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

Келісілген:

Қазақстан

Республикасы

Денсаулық сақтау министрінің орынбасары

**Жалпы типтес орта білім беретін мектеп-интернаттар туралы ереже 1. Жалпы ереже**

1.1. Жалпы типтес орта білім беретін мектеп-интернаттар Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңына жас ұрпақтың қоғамдық тәрбиелеу өрісін одан әрі кеңейту мақсатында бала тәрбиелеуде жанұяға көмек көрсету, жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау үшін ұйымдастырылады.

1.2. Жалпы типтес мектеп-интернат жергілікті өкімет органдарының шешімімен балаларды оқытуға, тәрбиелеуге және тұруға қажетті жағдай жасалған, педагогикалық кадрлармен қамтамасыздандырылған жерлерде а ш ы л а д ы .

1.3. Жалпы типтес мектеп-интернат өз жұмысында Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңын, осы Ережені, білім және денсаулық сақтау туралы басқа да нормативті құжаттарды басшылыққа алады.

1.4. Жалпы типтес мектеп-интернат жүзеге асыратын міндеттердің түрлеріне сәйкес Білім министрлігінің, облыстық (Алматы, Ленинск қалалық), аудандық білім басқармалары мен бөлімдерінің сонымен қатар министрліктер мен мекемелердің қарауында болуы мүмкін.

1.5. Жалпы типтес мектеп-интернат құрамында бастаушы және негізгі мектептер (I және II сатылар) немесе бастауыш, негізгі және жоғары мектептер (I, II, III сатылар) болуы мүмкін. Мектеп-интернатта интернат типтес мекемелерде тұруға қайшы келетін көрсеткіштері жоқ 6 жастан 18 жасқа дейінгі қос жыныстың балалары оқып, тәрбиеленеді.

1.6. Жалпы типтес мектеп-интернаттың барлық кластары мен тәрбиелік топтарында балалар жиынының саны 25 адамнан аспауға тиісті.

1.7. Білім органдары мектеп-интернатта тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау үшін жүйелі түрде бақылауды, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсетуді, басшы және педагогикалық кадрларды дұрыс іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады.

1.8. Тәрбиеленушілер, педагогикалық қызметкерлер, мектеп-интернаттың әкімшілігі және көрсетушілері ата-аналармен немесе оларды ауыстырушы адамдармен, жұртшылықпен бірлесе отырып мектеп-интернат ұжымын құрайды және өздерінің құқы мен міндеттеріне сәйкес жас өспірімдерді оқыту мен тәрбиелеуде алға қойылған тапсырмаларды жүзеге асырады.

Мектеп-интернаттың оқу-тәрбие жұмысын, тәрбиеленушілердің тұрмыс жағдайын, қаржы шаруашылық ісін жариялылық принципімен басқарудың демократиялық формасына сәйкес ұйымдастыру дербестілігін арттыру мақсатында белгіленген тәртіп бойынша өзін-өзі басқару ұжымдары құрылады.

1.9. Осы Ереже негізінде мекеменің ерекшелігін, оның келешекте дамуын, климаттық және аймақтық жағдайларын ескере отырып әр жалпы типтес мектеп-интернат ұжым мүшелерінің құқы мен міндетін оның өмір мөлшері мен ережесін анықтайтын өз жарғысын жасай алады.

## 2. Тәрбиеленушілер

2.1. Жалпы типтес мектеп-интернатқа бірінші кезекте қабылданатындар:

- көп балалы және жеткілікті қамтамасыз етілмеген жанұяның балалары;

- қамқорлыққа алынған балалар;

- жалғыз ана (әке) балалары;

- ата-аналарының немесе олардың орнындағы адамдардың денсаулығына, өмір мен еңбек жағдайларына байланысты қоғамдық тәрбиені қажет ететін балалар ;

Жалпы типтес мектеп-интернатқа жолдама беру Білім министрлігі, облыстық, аудандық, қалалық (қаладағы аудандық) білім басқармалары және бөлімдері, сонымен қатар мекемелер бағынатын сәйкес министрліктер мен ведомстволар органдары арқылы жүзеге асырылады.

2.2. Балаларды жалпы типтес мектеп-интернатқа анықтау ата-аналардың немесе оларды алмастырушы адамдардың тілегіне кейбір жеке жағдайларда қамқорлыққа алған органдардың, білім беру туралы кеңестің шешімдеріне сәйкес жүргізіледі .

Өздерінің жанұясында тұратын оқушылар жалпы типтес мектеп-интернатқа, тек сол территорияда жалпы білім беретін мектеп болмаған жағдайда ғана, оқи алады. Мектеп-интернатқа қабылданған бала, оның, кеңесінің келісімімен, кейбір жағдайда өз жанұясында тұра алады.

2.3. Жалпы типтес мектеп-интернатқа баланы қабылдау үшін ата-аналар немесе оларды алмастырушы адамдар мынадай құжаттар тапсырады: өтініш, баланың тууы туралы куәліктің көшірмесі, оқушының жеке қағаздары, баланың денсаулығы жөніндегі анықтама, жанұяның құрамы және табысы туралы анықтама .

2.4. Жалпы типтес мектеп-интернатқа балаларды қабылдау жөніндегі өтініштерді білім органдары тамыз айының 25 жұлдызына дейін қабылдайды.

2.5. Бір жанұяның мүшесі болатын балалар мен жас өспірімдер (медициналық көрсеткіштерге және басқа себептерге байланысты әрқайсысы бөлек тәрбиеленуге тиісті жағдайлардан басқа) бір мектеп-интернатқа қабылданады.

2.6. Жалпы типтес мектеп-интернатта балаларды асырау үшін ата-аналардан бюджет қорына түсетін төлемақы алынады.

Жалпы типтес мектеп-интернатта балаларды асырау үшін ата-аналардан алынатын төлемақы белгіленген тәртіп бойынша "Интернаттық мекемелерде балаларды асырау үшін есептеу және ақы төлеу тәртібі жайындағы нұсқауға" сәйкес жүргізіледі .

2.7. Жалпы типтес мектеп-интернатта тәрбиеленушілер белгіленген мөлшерге

сәйкес киіммен, аяқ киіммен, жұмсақ жабдықтармен, жеке гигиена заттарымен, сондай-ақ оқулықтармен, жазу құралдарымен, ойыншықтармен, шаруашылық құралдарымен қамтамасыз етіледі.

2.8. Жалпы типтес мектеп-интернатты бітірген тәрбиеленушілерге мектеп-интернатта оқыған кезде өздері пайдаланған жазғы киім және аяқ киім тегін беріледі. Ал, ата-аналардың немесе оларды алмастырушы адамдардың тілегі бойынша, жанұяларының материалдық жағдайларын ескере отырып оларға оқу кезінде өздері пайдаланған қысқы киіммен аяқ киімді тегін беруге болады.

Басқа себептермен мектеп-интернаттан шығып кеткен мезгілдегі киім және аяқ киім тегін беріледі.

2.9. Жалпы типтес мектеп-интернатта тәрбиеленушілер балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқауға және бекітілген мөлшерге сәйкес күніне 4 рет тамақпен қамтамасыздандырылады.

2.10. Жалпы типтес мектеп-интернатта тәрбиеленетін жетім балалар және ата-ананың қамқорынсыз қалған балалар киіммен, аяқ киіммен, жұмсақ жабдықтармен қамтамасыз етіледі, осы дәрежедегі балалар үшін белгіленген мөлшерге сәйкес жеңілдіктерді және артықшылықтарды пайдаланады.

### **3. Оқу-тәрбие жұмыстары және тәрбиеленушілердің тұрмыс жағдайын ұйымдастыру**

3.1. Жалпы типтес мектеп-интернатта тұратын оқушыларды оқыту және тәрбиелеу, оқу жылы тоқсандарының, демалысының ұзақтығы, емтихандарды өткізу және басқа оқу-тәрбие жұмыстары Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін орта мектеп туралы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

3.2. Оқушыларды еңбекке тәрбиелеу оқытуды жергілікті жағдайды және мұқтаждықты ескере отырып, қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекпен жалғастыру негізінде, өзін қоршаған ортаны қорғауға арналған жұмыстарға, клуб және үйірме, оқу шеберханалары, қосалқы шаруашылық, оқушылар кооперативі және басқа оқушылардың өнерпаздық бірлестіктер, мекемелер, колхоздар мен совхоздар жұмысына ынтасына қарай қатысу арқылы жүзеге асырылады.

Үйлесімді жағдай болған кезде тәрбиеленушілерді кәсіптік оқыту жұмысын, белгіленген тәртіп бойынша мамандық алған куәлігін беру арқылы, ұйымдастыруға болады.

3.3. Күн тәртібі балалардың оқуы мен еңбегін және демалысын педагогика тұрғысынан дәлелді үйлестіру мақсатында, тәрбиеленушілердің жалпы типтес мектеп-интернатта тәулік бойы болуын ескере отырып, мекеме кеңесінің шешімімен бекітіледі.

3.4. Тәрбиеленушілердің әралуан тәрбиелік мәні бар еңбек, спорт,

мәдени-көпшілік жұмыстарға қатысуы өз еркімен, ынтасымен және дербестілік негізінде жүзеге асырылады. Тәрбиеленушілер ұжымының жұмысы оқушылардың өзін-өзі басқару негізінде жүргізіледі.

Жалпы типтес мектеп-интернат әкімшілігі, мұғалімдер, тәрбиешілер тәрбиеленушілердің ынтасын, балалар және жас өспірімдер ұйымдарының, оқушылар бірлестігінің белсенділігін жүзеге асыруға жағдай жасап отырады.

3.5. Жалпы типтес мектеп-интернат тәрбиеленушілері музыка, көркемөнер және спорт мектептерінің сабақтарына, кәсіподақ, мәдени-ағарту, мектептен тыс және басқа мекемелер (өздерінің базасында немесе мектеп үйінде) ұйымдастырған түрлі үйірмелер мен секцияларға, сонымен қатар оқушылар арасында өткізілетін түрлі, олимпиадаларға, спартакиадаларға, көрмелерге қ а т ы с а а л а д ы .

3.6. Жазғы демалыс кезінде мектеп-интернат әкімшілігі тәрбиеленушілердің балалар емдеу-денсаулығын жақсарту мекемелерінде, еңбек және демалыс лагерлерінде демалуын ұйымдастыруға көмектеседі.

3.7. Ата-аналардың немесе оларды алмастырушы адамдардың сұрауы бойынша жалпы типтес мектеп-интернат директоры тәрбиеленушілерді демалыс кезінде, жексенбі және мейрам күндері, ал кейбір себепті жағдайларда басқа да күндері үйлеріне жібере алады.

3.8. Белгіленген тәртіп бойынша жалпы типтес мектеп-интернаттардың әрқайсысына қамқоршы ретінде базалық мекемелер бекітіледі, ал жергілікті өкімет органдарының шешімі бойынша мектеп-интернаттарды басқа да мекемелер, кәсіпорындар мен шаруашылықтар қамқорлыққа алуы мүмкін.

#### **4. Мектеп-интернатты басқару. Басшы, педагогикалық және медицина қызметкерлері**

4.1. Жалпы типтес мектеп-интернатты мемлекеттік-қоғамдық басқару жариялылық, демократиялық және өзін-өзі басқару принципі негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

4.2. Оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру, мұғалімдер мен тәрбиешілердің творчестволық көтерілу және кәсіптік шеберлігін ұштастыру мақсатында белгіленген тәртіп бойынша мектеп-интернаттың әдістемелік (педагогикалық) к е ң е с і қ ұ р ы л а д ы .

4.3. Мектеп-интернаттың барлық қызметкерлерінің міндетті мен құқы Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептердің Ережесімен, осы Ережемен, ішкі еңбек тәртібі Ережесімен, мамандандырылған мінездемемен, лауазым туралы нұсқаумен және мектеп-интернаттың жарғысымен анықталады.

4.4. Жалпы типтес мектеп-интернат дәрігерінің міндетіне:

- тәрбиеленушілердің денсаулық күйін, денесінің, нерв-психология жүйесінің жетілуін бақылау және қаралуына байланысты дәрігерлік көмек көрсету;
- қазіргі кезде күші бар құжаттарға сәйкес территориялық поликлиникалармен бірлесе отырып балаларды диспансерлеуді және тереңдетілген профилакториялық байқаудан өткізуді қамтамасыз ету;
- қоғамдық пайдалы өнімді еңбекті ұйымдастыруға бақылау жасау;
- тәрбиеленушілерге денсаулығын ескере отырып кәсіптік бағдар беру

**ш а р а л а р ы н а** **қ а т ы с у ;**

- оқушыларға гигиеналық тәрбие беру, тәрбиеленушілер, ата-аналар немесе оларды алмастырушы адамдар және қызметкерлер арасында санитарлық гигиеналық білімді насихаттау жұмыстарын жүргізу кіреді.

## **5. Оқу-материалдық базасы, қаржылануы және есебі**

5.1. Жалпы типтес мектеп-интернат оқу, кластан тыс және көпшілік-спорттық тәрбие жұмыстарының жоспарларына сәйкес оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру процесі үшін қажетті мектеп үй-жайымен, ғимараттармен, жабдықтармен қамтамасыз етілуге тиісті. Осы интернаттың талапқа сай жұмыс істеуі үшін үй-жай жиынтығына бұлардан басқа: өздігінен дайындалуға, ойнауға арналған, гигиеналық, психологиялық демеу бөлмелері, акт залы, кинозалы, дәрігерлік құрама, киім-кешек сақтайтын, төсек-орын сақтайтын, ванна-душ қабылдайтын, шаруашылық, қосалқы және тұрмыс-қызмет көрсететін, кептіргіш, кір жуатын, қонақ қабылдайтын бөлмелері, көкөніс сақтағыш, бассейін кіреді.

5.2. Мекеменің жұмыс жасау барысындағы серуенге шығуға, мәдени-спорт жұмыстарына, тәрбиеленушілердің денсаулығы мен өмірін сақтауға байланысты шараларды жедел шешу үшін мектеп-интернатқа көлік беріледі.

5.3. Жалпы типтес мектеп-интернат білім мекемелері үшін белгіленген тәртіп бойынша қаржыландырылады. Қазақстан Республикасының банк бөлімшелерінде өз сәеті болуы мүмкін.

5.4. Мемлекет тарапынан бөлінген бюджетті жұмсау, жалпы типтес мектеп-интернаттың жеке қаржысын құру және оны жұмсау, мекеменің қаржы-шаруашылық істерін анықтау тәртібі қазіргі кезеңде күшін жоймаған нормативті құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

5.5. Жалпы типтес мектеп-интернат белгіленген тәртіп бойынша қосалқы шаруашылығын, оқу-өндіріс шеберханасын, оқушылар кооперативін құрып, халыққа әр түрлі ақылы қызмет көрсете алады. Одан түскен пайда мектеп-интернаттың жеке қорына құйылады.

5.6. Жалпы типтес мектеп-интернат белгіленген жүйе бойынша іс қағаздарын жүргізеді және бағынатын білім органдарына есеп береді.

5.7. Жалпы типтес мектеп-интернат заңды мекеме болып есептеледі, мектеп-интернаттың аты жазылған мөрі және штампы болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ